

Мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарттарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2008 жылғы 1 ақпандағы N 19 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 19 ақпандағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5140 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2010 жылғы 16 ақпандағы № 31 Бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2010.02.16 № 31 бұйрығымен.

Қолданушылардың назарына!!!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз.

"Әкімшілік рәсімдер туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1-бабы 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарттары
б е к і т і л с і н :

1) "Мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін есепке
қ о ю " ;

2) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұрағаттарынан шығатын және
шетелге жіберілетін мұрағаттық анықтамалар мен мұрағаттық құжаттардың
көшірмелерін а постильдеу";

3) "Мұрағаттық анықтамалар беру".

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Мәдениет және Ақпарат министрінің 2009.03.24. N 40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Бұйрығымен.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің жауапты хатшысы Ж.Д. Құрманғалиеваға жүктелсін .

3. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
М ә д е н и е т ж ә н е а қ п а р а т

"Мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін есепке алу мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты

Ескерту. Тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Мәдениет және Ақпарат министрінің 2009.03.24. № 40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Бұйрығымен.

1. Қазақстан Республикасының ақпараттық кеңістігін статистикалық есепке қою мен талдаудың анықтығы мен уақытында жүзеге асырылуы үшін уәкілетті орган мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін есепке қою жөнінде мемлекеттік қызмет көрсетеді (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет).

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Мәдениет және Ақпарат министрінің 2009.03.24. № 40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Бұйрығымен.

2. Мемлекеттік қызметтің көрсетілетін түрі: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-3-бабының 2) тармақшасы негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитеті (бұдан әрі - Комитет) көрсетеді.

5. Мемлекеттік қызметтің аяқталу нысаны мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін есепке қою туралы куәлікті беру болып т а б ы л а д ы .

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Мәдениет және Ақпарат министрінің 2009.03.24. № 40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Бұйрығымен.

6. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - өтініш берушілер) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет өтініштің Комитеттің кеңсесіне тіркелген күнінен бастап 15 күн ішінде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге қажетті құжаттарды тапсырған кезде кезекті күту уақытының барынша шегі - 30 минут.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Мәдениет және Ақпарат министрінің 2009.03.24. № 40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Бұйрығымен.

8. "Мемлекеттік қызметті көрсеткені үшін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының

Кодексіне сәйкес алынатын алымның ставкасы:

1) балалар және ғылыми тақырыптағы бұқаралық ақпарат құралын құратын жеке немесе заңды тұлғалардан - алымды төлеген күнге қолданылатын екі айлық есептік көрсеткішті;

2) өзге де тақырыптағы бұқаралық ақпарат құралын құратын жеке немесе заңды тұлғалардан алымды төлеген күнге қолданылатын бес айлық есептік көрсеткішті құрайды.

Мерзімді баспасөз басылымын және немесе ақпарат агенттігін есепке қою туралы куәліктің телнұсқасын беру үшін төленетін алымның мөлшері:

1) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген жеке немесе заңды тұлғалардан - алымды төлеген күнге қолданылатын 1,6 айлық есептік көрсеткішті;

2) осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген жеке немесе заңды тұлғалардан - алымды төлеген күнге қолданылатын 4 айлық есептік көрсеткішті құрайды.

Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы куәлікті қайта ресімдеу тегін жүзеге асырылады.

Алым Қазақстан Республикасының банктік мекемелері арқылы төленеді және оған төлемнің мөлшері мен уақытын растайтын түбіртек беріледі.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Мәдениет және Ақпарат министрінің 2009.03.24. N 40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Бұйрығымен.

9. Мемлекеттік қызметті көрсету және қажетті құжаттар туралы толық ақпарат электрондық Үкіметтің порталында <http://e.gov.kz/>, Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің: <http://www.sana.gov.kz/> веб-сайтында, "Министрліктер үйі" ғимаратында орналасқан ақпараттың ресми көздерінде, үлгілік нұсқаларымен ақпараттық тақтада орналасады.

10. Мемлекеттік қызмет күн сайын сенбі мен жексенбіден басқа күндері көрсетіледі. Құжаттарды қабылдау сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін жүргізіледі, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін. Алдын ала жазылу және қызметтерді жедел ресімдеу жүргізілмейді.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Мәдениет және Ақпарат министрінің 2009.03.24. N 40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Бұйрығымен.

11. Мемлекеттік қызметті көрсету "Министрліктер үйі" ғимаратында жүргізіледі.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін өтініш беруші:

- 1) белгіленген үлгідегі өтініш (осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес);
- 2) жеке тұлғалар үшін - кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығын растайтын құжаттың нотариалды түрде куәландырылған көшірмесі;
- 3) заңды тұлғалар үшін - заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің, құрылтай құжаттарының нотариалды түрде куәландырылған көшірмелері;

4) мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін есепке қою үшін бюджетке алым төленгенін растайтын құжат қоса беріледі.

Мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін қайта есепке алу үшін (меншік иесі ауысқан не ұйымдық-құқықтық нысаны, атауы, мерзімді баспасөз басылымының және (немесе) ақпарат агенттігінің аты, басылымның тілі, таралу аумағы, негізгі тақырыптық бағыты және шығару мерзімділігі өзгеруіне байланысты) өтініш беруші:

- 1) белгіленген үлгідегі өтініш (осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес);
- 2) жеке тұлғалар үшін - кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығын растайтын құжаттың нотариалды түрде куәландырылған көшірмесі;
- 3) заңды тұлғалар үшін - заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің, құрылтай құжаттарының нотариалды түрде куәландырылған көшірмелері, құрылтайшылық құжаттары;
- 4) бұрын берілген мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін есепке қою туралы куәліктің түпнұсқасы;
- 5) меншік иесі өзгерген жағдайда осы өзгерістерді растайтын құжаттар талап етіледі;

6) мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін иеленуші құқығын басқа тұлғаға беруді растайтын келісім-шартты қоса береді.

Мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін есепке қою туралы куәлікті жоғалтып алуға байланысты телнұсқаны алу үшін өтініш беруші:

- 1) жоғалудың себептерін көрсете отырып еркін нысанда жазылған өтініш;
- 2) жеке тұлғалар үшін - кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығын растайтын құжаттың нотариалды түрде куәландырылған көшірмесі;
- 3) заңды тұлғалар үшін - заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің, құрылтай құжаттарының нотариалды түрде куәландырылған көшірмелері;

4) мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін есепке қою үшін бюджетке алым төленгенін растайтын құжат қоса беріледі.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Мәдениет және Ақпарат

министрінің 2009.03.24. N 40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Бұйрығымен.

13. Өтініш бланкісі Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің веб-сайтына орналастырылады.

14. Мемлекеттік қызмет мына мекен-жай бойынша көрсетіледі: Астана қаласы, Есіл өзенінің сол жағалауы, "Министрліктер үйі", А блогі, 15-кіреберіс, 2 2 7 - б ө л м е .

Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Мәдениет және Ақпарат министрінің 2009.03.24. N 40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Бұйрығымен.

15. Өтініш берушілердің мемлекеттік қызмет көрсету үшін ұсынылған құжаттары "Есепке алу журналына" тіркеледі.

16. Мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін есепке қою туралы куәлік өтініш берушінің өзіне беріледі немесе пошта арқылы жіберіледі.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Мәдениет және Ақпарат министрінің 2009.03.24. N 40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Бұйрығымен.

17. Өтініш беруші осы стандарттың 12-тармағында көрсетілген құжаттар тізімін ұсынбаса мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға негіз болады.

3. Жұмыстың принциптері

18. Комитеттің жұмысы келесі принциптермен негізделеді:

1) адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;

2) қызметтік парызды орындау барысында заңдылықты сақтау;

3) с ы п а й ы л ы қ ;

4) толымды және толық ақпарат беру;

5) ақпараттың құпиялылығын сақтау және қорғау.

4. Жұмыстың нәтижелері

19. Комитет жұмысының нәтижелері осы стандарттың 1-қосымшасына сәйкес сапа және қолжетімділігі көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. Мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік органның, мекеменің және өзге де субъектілердің мемлекеттік қызметтің сапа және қолжетімділігінің мақсатты көрсеткіштері арнайы құрылған жұмыс тобымен жыл сайын бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

21. Қажет болған жағдайда уәкілетті лауазымды адамдардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) өтініш беруші Комитет басшысына шағымдана алады.

Егер өтініш беруші қабылданған шараларға қанағаттанбаса немесе мәселе жоғары сатыда қарауды талап етсе, өтініш беруші шағымды жазбаша не электронды түрде Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігіне жолдай алады.

22. Шағым пошта арқылы немесе Комитет кеңсесі арқылы жеке қолмен 224 бөлмеде жұмыс күндері қабылданады.

23. Комитетке келіп түскен шағымдарды қарау Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады.

Заңнамада белгіленген тәртіппен берілген өтініштер міндетті түрде қабылдануға, тіркелуге, есепке алынуға және қаралуға тиіс.

6. Байланысқа қажетті ақпарат

24. Комитеттің мекен-жайы: 010000, Астана қаласы, Есіл өзенінің сол жағалауы, "Министрліктер үйі" ғимараты, А-блогі, 15-кіреберіс.

Комитет төрағасының қабылдау бөлмесінің телефоны: (7172) 74-04-21.

25. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет туралы қосымша ақпаратты Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің веб-сайтынан: <http://www.sana.gov.kz/> алуға болады.

Мемлекеттік қызмет көрсету
стандартына 1-қосымша
Мерзімді баспасөз басылымын
және (немесе) ақпарат

агенттігін есепке алу

Ескерту. 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Мәдениет және Ақпарат министрінің 2009.03.24. N 40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Бұйрығымен.

Кесте. Сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа және қол жетімділік көрсеткіштері	Көрсеткіш-тің нормативтік мәні	Көрсеткіш-тің келесі жылдағы нысаналы мәні	Көрсеткіш-тің есепті жылдағы ағымдағы мәні
1	2	3	4
1. Уақтылығы			
1.1. құжаттарды сәттен бастап мерзімде қызметті оқиғаларының % (үлесі)	тапсырған белгіленген ұсыну 95%	95%	95%

1.2. қызмет алуды кезекте 40 минуттан аспайтын уақыт күткен тұтынушылардың % (үлесі)	К е з е к күтілмейді	—	—
2. Сапасы			
2.1. қызметті ұсыну үдерісі- нің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	95%	95%	95%
2.2. құжаттарды лауазымды тұлға дұрыс ресімдеген жағ- дайдың (жүргізілген төлем- дер, есеп айырысулар және т.б.) % (үлесі)	95%	95%	95%
3. Қолжетімділік			
3.1. қызметті ұсыну тәртібі туралы сапаға және ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	95%	95%	95%
3.2. тұтынушы құжаттарды дұрыс толтырған және бірінші реттен тапсырған оқиғалардың % (үлесі)	80%	80%	80%
3.3. Интернет арқылы қол жетімді қызметтерінің ақпарат % (үлесі)	30%	30%	30%
4. Шағымдану үдерісі			
4.1. қызметтің осы түрі бойынша қызмет көрсетілген тұтынушылардың жалпы санына негізделген шағымдардың % (үлесі)	0	0	0
4.2. белгіленген мерзімде қаралған және қанағаттанды- рылған негізделген шағымдар- дың % (үлесі)	0	0	0
4.3. шағымданудың қолданыс- тағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	95%	95%	95%
4.4. шағымдану мерзіміне қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	95%	95%	95%
5. Сыпайылық			
5.1. қызметкерлердің сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	95%	95%	95%

Мемлекеттік қызмет көрсету
стандартына 2-қосымша

Мерзімді баспасөз басылымын
және (немесе) ақпарат

агенттігін есепке алу

Ескерту. 2-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Мәдениет және Ақпарат
министрінің 2009.03.24. N 40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз)
Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрлігі Ақпарат және
мұрағат комитетінің
Төрағасына _____

-дан/ден, -тан/тен

Өтініш

Сізден _____ мерзімді баспасөз басылымын
(а т а у ы)

немесе ақпарат агенттігін есепке алуды (қайта есепке алуды, телнұсқа
беруді жүзеге асыруды) сұраймын (мерзімді баспасөз басылымы үшін түрі
көрсетіледі).

Меншік иесінің атауы, заңды мекен жайы (тел) _____

М е р з і м д і б а с п а с ө з
б а с ы л ы м ы н ы ң н е м е с е

ақпарат агенттігінің атауы _____

М е р з і м д і б а с п а с ө з
б а с ы л ы м ы н ы ң н е м е с е

ақпарат агенттігінің тілі _____

Жиілігі _____

Тақырыптық бағыты _____

Таралу аумағы _____

Редакцияның мекен жайы _____

Бас редактордың Т.А.Ә. _____

Қолы, күні, мөрі

Е с к е р т у :

Мерзімді баспасөз басылымның түрі деп газет немесе журнал танылады.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

М ә д е н и е т

ж ә н е

а қ п а р а т

**Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұрағаттарынан
шығатын және шет елге жіберілетін мұрағаттық анықтамаларға
және мұрағаттық құжаттардың көшірмелеріне апостиль
қою мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты**

1. Апостиль - Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұрағаттарынан шығатын және шет елге жіберілетін мұрағаттық анықтамаларға және мұрағаттық құжаттардың көшірмелеріне қол қойған адамның қолының түпнұсқалығын, сондай-ақ осы құжат бекітілген мөрдін немесе мөртаңбаның түпнұсқалылығын растайтын арнайы мөртаңба (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет).

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету "Қазақстан Республикасының шетелдік ресми құжаттарды заңдастыруды талап етудің күшін жоятын конвенцияға қосылуы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының, "Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 18-бабы, 1-тармағының 15) тармақшасының, "Шетелдік ресми құжаттарды заңдастыруды талап етудің күшін жоятын Конвенция (Гаага, 1961 жылғы 5 қазан) ережелерін іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 24 сәуірдегі № 545 қаулысының негізінде жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінің Мұрағат және құжаттама басқармасы (бұдан әрі - Комитет) көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет Министрліктер үйі ғимаратында көрсетіледі.

5. Мемлекеттік қызметті аяқтау нысаны Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұрағаттарынан шығатын мұрағаттық анықтамаларға және мұрағаттық құжаттардың көшірмелеріне апостиль мөртабанын қою болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - өтініш берушілер) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет :
жеке қабылдауға келгенде құжат тапсырған күні;
хат арқылы өтініш берілгенде (пошта арқылы) түскен күнінен бастап үш
жұмыс күні ішінде ұсынылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттарды тапсырған кезде кезек күтуге берілетін ең ұзақ уақыт 30 минут.

8. Мемлекеттік қызмет көрсеткені айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің 20 % құрайтын мемлекеттік баж алынады.

Мемлекеттік баж Қазақстан Республикасы банк мекемелері арқылы төленеді, төлем мөлшері мен күнін растайтын түбіртек беріледі.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және қажетті құжаттар туралы толық ақпарат электронды Үкімет порталында <http://www.e-gov.kz/>, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің веб-сайтында <http://www.sana.gov.kz/>, ақпараттың ресми көздерінде, "Министрліктер үйі" ғимаратында үлгілер жазылған ақпараттық тақталарда орналастырылады.

10. Мемлекеттік қызмет күн сайын сенбі мен жексенбіден басқа күндері көрсетіледі. Құжаттарды қабылдау сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін жүргізіледі, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 15.00-ке дейін. Алдын ала жазылу және қызметтерді жедел ресімдеу жүргізілмейді.

11. Мемлекеттік қызмет "Министрліктер үйі" ғимаратында Комитеттің мұрағат және құжаттама басқармасында көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

12. Өтінуші мемлекеттік қызметті алу үшін мыналарды ұсынады:

- 1) мемлекеттік мұрағаттық мекемесіне өтінушінің сұрау салуының көшірмесі;
- 2) тиісті сұрау салуға мемлекеттік мұрағат мекемесінің жауабы (түпнұсқа);
- 3) апостиль қойылатын мемлекеттік мұрағаттық мекеменің беретін мұрағаттық анықтамасы (түпнұсқа) немесе мұрағаттық құжаттарының көшірмесі ;
- 4) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат;
- 5) мемлекеттік баж төлеу жөніндегі түбіртек.

13. Мемлекеттік қызметті көрсеткені үшін бланктер, өтініштер толтыру талап етілмейді.

14. Мемлекеттік қызмет мына мекен-жайда көрсетіледі: Астана қаласы, Есіл өзенінің сол жағалауы, "Министрліктер үйі" ғимараты, А блогы, 15-кіреберіс, 2-кабат, 202 кабинет.

15. Өтініш берушілердің апостиль қоюға ұсынған құжаттары апостиль қоюға ұсынылған құжаттарды тіркеу журналында тіркеледі.

16. Апостиль мөртабаны Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұрағаттарынан шығатын мұрағаттық анықтамаларға және мұрағаттық құжаттардың көшірмелеріне өтініш берушіні жеке қабылдау кезінде қойылады немесе пошта арқылы жіберіледі.

17. Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұруға осы стандарттың 12 тармағында көрсетілген құжаттардың біреуінің өткізілмеуі негіз болып табылады.

3. Жұмыстың принциптері

18. Комитеттің жұмысы келесі принциптермен негізделеді:

- 1) адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;
- 2) қызметтік парызы орындау барысында заңдылықты сақтау;
- 3) с ы п а й ы л ы қ ;
- 4) толымды және толық ақпарат беру;
- 5) ақпараттың құпиялылығын сақтау және қорғау.

4. Жұмыстың нәтижелері

19. Комитет жұмысының нәтижелері осы стандарттың қосымшасына сәйкес сапа және қолжетімділігі көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. Мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік органның, мекеменің және өзге де субъектілердің мемлекеттік қызметтің сапа және қолжетімділігінің мақсатты көрсеткіштері арнайы құрылған жұмыс тобымен жыл сайын бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

21. Қажет болған жағдайда уәкілетті лауазымды адамдардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) өтініш беруші Комитет басшысына шағымдана алады.

Егер өтініш беруші қабылданған шараларға қанағаттанбаса немесе мәселе жоғары сатыда қарауды талап етсе, өтініш беруші шағымды жазбаша не электронды түрде Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігіне жолдай алады.

22. Шағым пошта арқылы немесе Комитет кеңсесі арқылы жеке қолмен 224 бөлмеде жұмыс күндері қабылданады.

23. Комитетке келіп түскен шағымдарды қарау Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады.

Заңнамада белгіленген тәртіппен берілген өтініштер міндетті түрде қабылдануға, тіркелуге, есепке алынуға және қаралуға тиіс.

6. Қажетті ақпарат

24. Комитеттің мекен-жайы: 010000, Астана қаласы, Есіл өзенінің сол жағалауы, "Министрліктер үйі" ғимараты, А-блогі, 15-кіреберіс. Комитет төрағасының қабылдау бөлмесінің телефоны: (7172) 74-04-21.

25. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет туралы қосымша ақпаратты Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің веб-сайтынан: <http://www.sana.gov.kz/> алуға болады.

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұрағаттарынан шығатын және шет елге жіберілетін мұрағаттық анықтамаларға және мұрағаттық құжаттардың көшірмелеріне апостиль қою" мемлекеттік қызмет көрсету

стандартына қосымша

Сапа және қол жетімділік көрсеткіші	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің келесі жылдағы нысаналы мәні	Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні
1	2	3	4
1. Уақтылығы			
1.1. құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну оқиғаларының % (үлесі)	95%	95%	90%
1.2. қызмет алуды кезекте 40 минуттан аспайтын уақыт күткен тұтынушылардың % (үлесі)	95%	95%	90%
2. Сапасы			
2.1. қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	95%	95%	90%
2.2. құжаттарды лауазымды тұлға дұрыс ресімдеген жағдайдың (жүргізілген төлемдер, есеп айырысулар және т.б.) % (үлесі)	95%	95%	90%
3. Қолжетімділік			
3.1. қызметті ұсыну тәртібі туралы сапаға және ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	95%	95%	90%
3.2. тұтынушы құжаттарды дұрыс толтырған және бірінші реттен тапсырған оқиғалардың % (үлесі)	95%	95%	90%
3.3. Интернет арқылы қол жетімді қызметтерінің ақпарат % (үлесі)			
4. Шағымдану үдерісі			

мемлекеттік мұрағаттық мекеме басшысы, болмаса уәкілетті тұлға өтінішті қарау мерзімін отыз жұмыс күніне дейінгі мерзімге ұзартуы мүмкін, ол туралы 3 жұмыс күні ішінде өтініш берушіге хабарланады.

8. Мемлекеттік қызмет ақысыз болып табылады.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және қажетті құжаттар туралы толық ақпарат электронды Үкімет порталында <http://www.e.gov.kz/>, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің веб-сайтында <http://www.sana.gov.kz/>, ақпараттың ресми көздерінде, мемлекеттік мұрағат мекемелерінің ғимараттарындағы үлгілері бар ақпараттық тақталарда орналастырылады.

10. Мемлекеттік қызмет күн сайын сенбі мен жексенбіден басқа күндері көрсетіледі. Құжаттарды қабылдау сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін жүргізіледі, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ке дейін. Алдын ала жазылу және қызметтерді жедел ресімдеу жүргізілмейді.

11. Мемлекеттік қызмет көрсету бөлек жайлары бар, қажетті құжаттардың тізбесі бар тағандармен жабдықталған мемлекеттік мұрағат мекемелерінің ғимараттарында жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

12. Өтініш беруші мемлекеттік қызметті алу үшін мыналарды ұсынады:

1) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат көшірмесі қоса берілетін өтініш ;

2) үшінші тұлғалар туралы дербес деректері бар мәліметтер алу үшін қосымша өтінушінің өкілетін растайтын құжаттар беріледі.

13. Өтініш нысанын мемлекеттік мұрағат мекемелерінің қызметкерлері береді , сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің веб-сайтында орналастырылады.

14. Толтырылған өтініштер, сондай-ақ осы стандарттың 12-тармағында көрсетілген құжаттар мемлекеттік мұрағат мекемелеріне тапсырылады.

15. Мемлекеттік қызмет алу үшін қажетті барлық құжаттар тапсырылған соң, өтінушіге мемлекеттік мұрағат мекемесінің атауы, лауазымы, өтінішті қабылдап алған қызметкердің аты-жөні, оны қабылдау уақыты көрсетіліп өтініштің қабылданғаны туралы талон беріледі.

16. Мұрағаттық анықтама, мұрағаттық көшірме, мұрағаттық үзінді өтінушіге жеке қабылдау кезінде беріледі, болмаса пошта арқылы жіберіледі.

17. Мемлекеттік қызметті тоқтата тұруға өтінушінің осы стандарттың 12-тармағында көрсетілген құжаттарды өткізбеуі негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметті ұсырудан бас тартуға сұрау салуды орындау үшін қажетті мәліметтердің болмауы негіз болып табылады.

3. Жұмыстың принциптері

18. Комитеттің жұмысы келесі принциптермен негізделеді:

- 1) адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;
- 2) қызметтік парызды орындау барысында заңдылықты сақтау;
- 3) с ы п а й ы л ы қ ;
- 4) толымды және толық ақпарат беру;
- 5) ақпараттың құпиялылығын сақтау және қорғау.

4. Жұмыс нәтижелері

19. Мемлекеттік мұрағат мекемелері жұмысының нәтижелері осы стандарттың 1-қосымшасына сәйкес сапа және қол жетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. Мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік органның, мекеменің немесе өзге де субъектілердің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәнін жыл сайын арнайы құрылған жұмыс топтары бекітеді.

5. Шағымдану тәртібі

21. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасы бойынша наразылық болған жағдайда шағым облыстардың, қалалардың мемлекеттік мұрағаттық мекемелері және оның филиалдарының басшыларына, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінің төрағасына, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің басшылығына беріледі.

22. Шағымдар пошта, электронды поштамен, болмаса қолға мемлекеттік мұрағаттық мекемелерінің, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінің, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің кеңселері арқылы жұмыс күндері қабылданады.

23. Қабылданған шағым жеке (заңды) тұлғалардың өтініштерін есепке алу журналында тіркеледі. Шағым заңмен белгіленген мерзімде қаралады.

Шағымды қарау нәтижесі туралы өтінушіге жазбаша түрде пошта, болмаса электронды поштамен хабарланады.

6. Байланыс ақпараты

24. Мемлекеттік қызметті ұсынуға жауапты мемлекеттік мұрағат мекемелері басшыларының мекен-жайлары осы стандарттың 2-қосымшасында көрсетілген.

25. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінің мекен жайы: 010000, Астана қаласы, Есіл өзенінің сол жағалауы, "Министрліктер үйі" ғимараты, А блогы, 15-кіреберіс, Төрағаның қабылдау бөлмесі: (7172) 74-04-21.

"Мұрағаттық анықтамаларды беру"
мемлекеттік қызмет көрсету

стандартына 1-қосымша

Сапа және қол жетімділік көрсеткіші	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің келесі жылдағы нысаналы мәні	Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні
1	2	3	4
1. Уақтылығы			
1.1. құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну оқиғаларының % (үлесі)	95%	95%	90%
1.2. қызмет алуды кезекте 40 минуттан аспайтын уақыт күткен тұтынушылардың % (үлесі)	95%	95%	90%
2. Сапасы			
2.1. қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	95%	95%	90%
2.2. құжаттарды тұлға дұрыс жағдайдың төлемдер, есеп және т.б.) % (үлесі) лауазымды ресімдеген (жүргізілген) айырысулар	95%	95%	90%
3. Қол жетімділік			
3.1. қызметті ұсыну тәртібі туралы сапаға және ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	95%	95%	90%
3.2. тұтынушы дұрыс толтырған және құжаттарды бірінші реттен тапсырған оқиғалардың % (үлесі)	95%	95%	90%
3.3. Интернет арқылы қол жетімді ақпарат % (үлесі) қызметтерінің			
4. Шағымдану үдерісі			

4.1. қызметтің осы түрі бойынша қызмет көрсетілген тұтынушылардың жалпы санына негізделген шағымдардың % (үлесі)	0,1%	0,1%	
4.2. белгіленген мерзімде қаралған және қанағаттандырылған шағымдардың % (үлесі)	95%	95%	
4.3. шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	95%	95%	
4.4. шағымдану мерзіміне қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90%	90%	
5. Сыпайылық			
5.1. қызметкерлердің сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90%	90%	

"Мұрағаттық анықтамаларды беру"
мемлекеттік қызмет көрсету
стандартына 2-қосымша

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің Ұлттық мұрағаты.

Мекенжайы: Астана қ., Есіл өзенінің сол жағалауы, Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағаты ғимараты.
Телефон: 8 (7172) 24-14-78.
Азаматтарды қабылдау кестесі:

Күн сайын 9.00-18.00 дейін, түскі үзіліс 13.00-14.00 дейін, демалыс күндері: сенбі, жексенбі.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің Орталық мемлекеттік мұрағаты.

Мекенжайы: Алматы қ., Абай даңғылы, 39.
Телефон: 8 (727) 267-14-62.
Азаматтарды қабылдау кестесі:

Күн сайын 9.30-13.00 дейін, демалыс күндері: сенбі, жексенбі.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің Орталық ғылыми-техникалық құжаттама мемлекеттік мұрағаты.

Мекенжайы: Алматы қ., Абай даңғылы, 39.
Телефон: 8 (727) 267-14-67.

Азаматтарды қабылдау кестесі:

Күн сайын 9.00-18.00 дейін, түскі үзіліс 13.00-14.00 дейін, демалыс күндері: сенбі, жексенбі.

4. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің Кинофотоқұжаттар және дыбысжазбалар Орталық мемлекеттік мұрағаты.

Мекенжайы: Алматы қ., Абай даңғылы, 39.

Телефон: 8 (727) 267-14-54.

Азаматтарды қабылдау кестесі:

Күн сайын 9.00-18.00 дейін, түскі үзіліс 13.00-14.00 дейін, демалыс күндері: сенбі, жексенбі.

5. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің Қазақстан Республикасы мемлекеттік мұрағаттарының құжаттық материалдарын қалпына келтіру және шағынфотокөшірмелеу Орталық зертханасы.

Мекенжайы: Алматы қ., Абай даңғылы, 39.

Телефон: 8 (727) 267-14-48.

Азаматтарды қабылдау кестесі:

Күн сайын 9.00-18.00 дейін, түскі үзіліс 13.00-14.00 дейін, демалыс күндері: сенбі, жексенбі.

6. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің Құжаттану және мұрағат ісі жөніндегі ғылыми-техникалық ақпарат орталығы.

Мекенжайы: Алматы қ., Абай даңғылы, 39.

Телефон: 8 (727) 267-14-72.

Азаматтарды қабылдау кестесі:

Күн сайын 9.00-18.00 дейін, түскі үзіліс 13.00-14.00 дейін, демалыс күндері: сенбі, жексенбі.

7. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің Археография және деректану Ұлттық орталығы.

Мекенжайы: Астана қ., Есіл өзенінің сол жағалауы, Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағаты ғимараты.

Телефон: 8 (7172) 24-06-61.

Азаматтарды қабылдау кестесі:

Күн сайын 9.00-18.00 дейін, түскі үзіліс 13.00-14.00 дейін, демалыс күндері: сенбі, жексенбі.

8. Астана қаласы:

Астана қаласының Мемлекеттік мұрағаты,

Мекенжайы: Астана қ., Әуезов көшесі, 3,

Телефон: 8 (7172) 21-43-19.

Азаматтарды қабылдау кестесі:

Күн сайын 9.00-13.00 дейін, демалыс күндері: сенбі, жексенбі.

9. Алматы қаласы:

- 1) Алматы қаласының Орталық мемлекеттік мұрағаты,
Мекенжайы: Алматы қ., 12 ықшам ауданы, 11а,
Телефон: 8 (727) 221-38-36.
- 2) Алмалы ауданының мұрағаты,
Мекенжайы: Алматы қ., Абылайхан даңғылы, 74а,
Телефон: 8 (727) 272-70-33.
- 3) Әуезов ауданының мұрағаты,
Мекенжайы: Алматы қ., Ақбұлақ ауылы, Шорманов көшесі, 1,
Телефон: 8 (727) 270-82-45.
- 4) Бостандық ауданының мұрағаты,
Мекенжайы: Алматы қ., Бабаев көшесі, 33,
Телефон: 8 (727) 248-67-35.
- 5) Жетісу ауданының мұрағаты,
Мекенжайы: Алматы қ., Қожамқұлов көшесі, 77,
Телефон: 8 (727) 279-19-54.
- 6) Медеу ауданының мұрағаты,
Мекенжайы: Алматы қ., Жібек жолы даңғылы, 54,
Телефон: 8 (727) 273-06-89.
